



BOSCH

Жаңа
құрылғыңызды
қазір MyBosch
тармағында тіркеп тегін
пайдаларын көріңіз:
[bosch-home.com/
welcome](https://bosch-home.com/welcome)



Құрғатқыш

WTX87M90BY

kk Орнату және пайдалану нұсқаулықтары

Сіздің жаңа құрғатқышыңыз

Сіз Bosch сауда таңбасындағы құрғатқышты алуды шештіңіз.

Бірнеше минут уақыт табып құрғатқышыңыздың артықшылықтары туралы оқып біліңіз.

Bosch сауда таңбасының ең жоғары сапасына сай болуы үшін біздің зауытта шығарылатын әрбір құрғатқыш өте дұрыс, кемшіліксіз жұмыс істеуі терең және мұқият тексеріледі.

Біздің тұрмыстық машиналар, бөлшектер және сервистік қызметі туралы қосымша мәліметтерін www.bosch-home.com Интернет торабынан қараңыз немесе біздің сервис қызмет көрсету орталықтарынан сұраңыз.

Қолдану және іске қосу туралы нұсқаулар бірнеше кір жуғыш машиналар туралы жазылған болса керекті жерлерде айырмашылықтар ерекше көрсетіледі.



Құрғатқышты тек қолдану туралы және ерекше іске қосу және күтіп ұстау нұсқауларын оқып шыққаннан соң ғана іске қосыңыз!

EAC

Көрсету ережелері

⚠ Абай болыңыз!

Бұл белгі мен сигналдық сөз комбинациясы басқа мүмкін қаупті оқиғаға көрсетіп жатыр. Орындамау өлім немесе жарақаттануларға алып келуі мүмкін.

Назарыңызда болсын!

Бұл сигналдық сөз басқа мүмкін қаупті оқиғаға көрсетіп жатыр. Орындамау материалдық немесе қоршаған орта зияндарына алып келуі мүмкін.

Ескерту / ұсыныс

Кір жуғыш машинаны тиімді пайдалану нұсқаулары / басқа керекті мәліметтер.

1. 2. 3. / a) b) c)

Әрекет басқыштары сан бен әріптер арқылы көрсетіледі.

■ / -

Санаулар шаршылар мен қанат белгісі арқылы бейнеленеді.

Мазмұны

	Қолданылу мақсаты 4		
	Қауіпсіздік нұсқаулары. 4		
	Балалар/адамдар/үй жануарлары . . . 4		
	Орнату 6		
	Жұмысы 8		
	Тазалау/техникалық қызмет көрсету 11		
	Энергияны үнемдеу кеңестері 12		
	Құрылғыны орнату және қосу 13		
	Құрылғы жинағында бар: 13		
	Құрылғыны орнату 13		
	Құрылғыны байланыстыру 15		
	Құрылғыңызды алғашқы рет пайдаланудан алдын 16		
	Опциялық керек-жарақтар 16		
	Жылдам табу нұсқаулығы . . . 17		
	Құрылғымен танысу 18		
	Құрылғыны шолу 18		
	Панель 19		
	Дисплей 20		
	Бағдарламалар тізімі 22		
	Баптаулар 24		
	Кірлер 26		
	Кірлерді дайындау 26		
	Кірлерді сұрыптау 26		
	Құрылғыны пайдалану 27		
	Кірлерді жүктеу және құрылғыны қосу 27		
	Бағдарламаны реттеу 28		
	Бағдарламаны іске қосу 28		
	Бағдарлама басқышы 28		
	Бағдарламаны өзгерту немесе кірлерді қосу 29		
	Бағдарламаны болдырмау 29		
	Бағдарлама соңы 29		
	Кірлерді алып тастау және құрылғыны өшіру 29		
	Конденсат контейнерін босату 30		
	Құрылғы параметрлері 31		
	Балалардан сақтайтын құлып 31		
	Хабарламалар сигналы 31		
	Негізгі баптаулар 31		
	Конденсат суын ағызу 32		
	Тазалау және күтім көрсету . 35		
	Құрылғыны тазалау 35		
	Негізгі блокты тазалау 36		
	Ылғалдық сенсорын тазалау 39		
	Конденсат ыдысындағы сүзгіні тазалау 40		
	Құрылғыны күту 41		
	Құрылғыны күту үшін дайындау . . . 41		
	Құрылғының негізгі күту бағдарламасын қолдану 43		
	Қарқынды күту бағдарламасын қолдану 44		
	Құрылғымен істеуге көмек . . 47		
	Құрылғыны тасымалдау 50		
	Тұтыну мәндері 51		
	Тұтыну мәндері кестесі 51		
	Кірлер үшін ең тиімді бағдарлама . . 51		
	Техникалық сипаттамалары . 52		
	Қоқысқа тастау 52		
	Сатудан кейін қызмет көрсету орталығы 53		



Қолданылу мақсаты

- Құрылғы тек үй ішінде пайдалануға арналған.
- Құрылғыны қырау қатуына бейім жерлерде немесе ашық аспан астында орнатуға және пайдалануға болмайды. Құрылғыда қалған су қатып қалса, оған нұқсан келу қатері пайда болады. Құбыршектер қатып қалса, сынып немесе жарылып кетуі мүмкін.
- Бұл құрылғы тек үйде жуылған кірді кептіруге және жаңалауға арналған, кірді суға жуып, барабанда кептіру үшін жарамды күйге келтіру керек (бұйымның затбелгісін қараңыз). Құрылғыны басқа мақсаттарда пайдалану оның пайдаланылу аумағынан тыс болады да, оған тыйым салынады.
- Бұл құрылғы теңіз деңгейінен ең көбі 2000 метр биіктікте пайдалануға арналған.

Құрылғыны тоққа қосудан бұрын:

Құрылғының көзге көрінетін бүлінген жерлері жоқ екенін тексеріңіз. Құрылғының бүлінген жері болса, оны пайдалануға болмайды. Егер қандай да бір ақаулық болса, маманданған сатушыға немесе тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Пайдалану мен орнату нұсқаулықтарының барлығын және осы құрылғымен бірге келген барлық құжаттарды оқып шығыңыз.

Құжаттарды кейін пайдалану үшін немесе кейінгі иеленушілер үшін сақтап қойыңыз.



Қауіпсіздік нұсқаулары

Төмендегі қауіпсіздік ақпараты мен ескертулер сізді жарақаттанудан қорғау және айналадағы мүлікке нұқсан келуіне жол бермеу үшін берілген.

Әйтсе де, құрылғыны орнату, күтіп ұстау, тазалау және пайдалану кезінде қажетті сақтық шараларын қабылдап, абай болудың маңызы зор.

Балалар/адамдар/үй жануарлары



Ескерту және ескертулер Қаза болу қатері!

Балалар немесе құрылғыны пайдалану кезіндегі қатерді түсінбейтін басқа адамдар жарақаттануы немесе өміріне қауіпті жағдайға ұшырауы мүмкін. Сондықтан мынаны ескеріңіз:

- 8 жастан асқан балалар және дене, сезіну немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі жетпейтін адамдар тек егер ересектер қадағалайтын болса немесе қауіпсіз пайдалану туралы нұсқаулар алып, төнетін қатерлерді түсінетін болса ғана осы аспапты пайдалана алады.

- Балалардың құрылғымен ойнауына болмайды.
- Балалардың тазалау және жөндеу жұмыстарын ересектердің қадағалауынсыз орындауына рұқсат етпеңіз.
- 3 жасқа толмаған балалар мен үй жануарларын құрылғыға жақындатпаңыз.
- Балалар немесе қауіп-қатерді түсінбейтін адамдар құрылғыға жақын тұрса, құрылғыны бақылаусыз қалдырмаңыз.

⚠ Ескерту және ескертулер Қаза болу қатері!

Балалар құрылғының ішінде қамалып қалып, өміріне қауіпті жағдайға ұшырауы мүмкін.

- Құрылғыны есіктің арт жағына орналастыруға болмайды, себебі ол құрылғының есігін бөгеуі немесе толық ашылуына кедергі келтіруі мүмкін.
- Құрылғының пайдалану мерзімі өткеннен кейін қорек сымын кесіп тастаудан **бұрын** ашаны розеткадан суырыңыз, содан кейін құрылғы есігіндегі құлыпты бұзыңыз.

⚠ Ескерту және ескертулер Тұншығып қалу қатері!

Егер балалардың орауышпен/пластик үлдірмен немесе орауыштың құрамындағы заттармен ойнауына рұқсат берсеңіз, олар шырмалып қалуы немесе басына киіп алып, тұншығып қалуы мүмкін. Орауышты, пластик үлдірді және орауыштың құрамындағы заттарды балалардан аулақ ұстаңыз.

⚠ Ескерту және ескертулер Улану қатері!

Жуғыш құралдар мен күтіп ұстауға арналған өнімдерді жұтып қойса, улануға әкелуі мүмкін.

Кездейсоқ жұтып қойсаңыз, дәрігерге қаралыңыз. Жуғыш құралдар мен күтіп ұстауға арналған өнімдерді балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

⚠ Ескерту және ескертулер Көздің/терінің тітіркенуі!

Жуғыш құралдар мен күтіп ұстауға арналған өнімдер көзге/теріге тисе, тітіркендіруі мүмкін.


Жуғыш құралдар мен күтіп ұстауға арналған өнімдер көзге/теріге тисе, жақсылап жуыңыз. Жуғыш құралдар мен күтіп ұстауға арналған өнімдерді балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Орнату

⚠ Ескерту және ескертулер Тоқ соғу/өрт/материалдық зиян/құрылғы зақымдаун қауіпі!

Егер құрылғы дұрыс орнатылмаса, бұл қауіпті болуы мүмкін. Төмендегілерді қамтамасыз етіңіз:

- Тоқ розеткасындағы кернеу құрылғыдағы (зауыттық тақтайша) кернеуге тең болуы керек. Қосылған қуат пен керекті балқитын сақтандырғыш зауыттық тақтайшада жазылған.
- Құрылғы таймер сияқты сыртқы өшіру құрылғы арқылы тоқпен жабдықталуы мүмкін емес немесе жүйелік ретте қосылып өшірілетін шынжырға қосылуы мүмкін емес.
- Қуат ашасы мен қорғағыш түйіспе бір біріне сәйкес және жерге тұйықтау жүйесі дұрыс орнатылған болуға тиіс.
- Орнатылатын құрылғының лайықты айқас қимасы болуы керек.

- Қуат ашасына кез келген уақытта еркін қол жеткізіле алатын болуға тиіс. Егер бұл мүмкін болмаса, тиісті қауіпсіздік ережелеріне сай болу үшін өшіргішті (барлық полюстік ажырату) тұрақты орнатуға электр орнату ережелеріне сай ретте орнату керек.
- Егер қалдық тоғы бар тұйықтау тізбегі пайдаланылса, тек мынадай таңбасы барын ғана пайдаланыңыз: . Осы белгі барлығы барлық тиісті заңдардың ескерілуін қамтамасыз етудің жалғыз жолы.

⚠ Ескерту және ескертулер Тоқ соғу/өрт шығу/ материалдың бүліну/ құрылғының бұзылу қатері!

Егер құрылғының қуат сымы өзгертілсе немесе бүлінген болса, бұл тоқ соғуына, қызып кету салдарынан қысқа тұйықталуға немесе өрт шығуына әкелуі мүмкін. Қуат сымы шиыршықталмауы, жаншылмауы немесе өзгертілмеуі керек және қандай да бір қызу көздеріне тимеуге тиіс.

**⚠ Ескерту және ескертулер
Өрт шығу/мүлікке нұқсан
келу/құрылғыға нұқсан келу
қатері!**

Ұзартқыш сымдарды немесе ұзартқыш кабельдерді пайдалану асқын қызып кету немесе қысқа тұйықталу салдарынан өртке әкелуі мүмкін.

Құрылғыны дұрыс орнатылған жерге тұйықталған розеткаға тікелей жалғаңыз. Ұзартқыш сымдарды, ұзартқыш кабельдерді немесе көп арналы жалғастырғыштарды пайдалануға болмайды.

**⚠ Ескерту және ескертулер
Жарақаттану/мүлікке нұқсан
келу/құрылғыға нұқсан келу
қатері!**

- Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда дірілдеп немесе қозғалып, нәтижесінде жарақатқа немесе мүліктің бүлінуіне әкелуі мүмкін. Құрылғыны таза, тегіс, қатты беткі қабатқа қойып, деңгейін ватерпастың көмегімен тексеріп, бұрандалы тіреуіштерінің көмегімен дұрыстаңыз.

- Осы құрылғыны кір жуғыш машинаға қате қою (қабаттап қою) жарақаттану, материалдық зиян және/немесе құрылғыға зиянға алып келуі мүмкін. Егер осы құрылғы кір жуғыш машина үстіне қойылса, кір жуғыш машина ені мен ұзындығы кемінде құрылғымен бірдей болуы тиіс және тиісті біріктіру жинағымен жайында бекітілуі тиіс. → 16-ші бет Құрылғы осы біріктіру жинағымен бекітілуі ТИІС. Құрылғыны басқа жолмен қоюға тыйым салынады.
- Егер құрылғыны көтеру немесе жылжыту үшін шығыңқы бөліктерінен (мысалы, құрылғы есігінен) ұстасаңыз, ол бөлшектері сынып кетіп, жарақаттауы мүмкін. Құрылғыны жылжыту үшін шығыңқы бөліктерінен ұстамаңыз.

Ескерту және ескертулер Жарақатт ану қатері!

- Құрылғы өте ауыр. Оны көтеру жарақат алуға әкелуі мүмкін. Құрылғыны өзіңіз жалғыз көтермеңіз.
- Құрылғының өткір қырлары бар, оған қолыңызды кесіп алуыңыз мүмкін. Құрылғының өткір қырларынан ұстамаңыз. Оны көтеру үшін қорғағыш биялай киіңіз.
- Егер құбыршектер мен қуат сымдары дұрыс өткізілмесе, олар сүрініп қалу қатерін тудырып, жарақаттануға әкелуі мүмкін. Құбыршектер мен қуат сымдарын сүрініп кету қатерін тудырмайтындай етіп өткізіңіз.

Жұмысы

Ескерту және ескертулер Жарылу/өрт шығу қатері!

Еріткіштер, май, балауыз, балауыз кетіргіш, бояу, май немесе дақ кетіргіш тиген кірді машинада кептірген кезде, ұшқындауы немесе машинаның жарылуына әкелуі мүмкін. Сондықтан мыналарды ескеріңіз:

- Жуылған кірді машинада кептіруден бұрын жылы сумен және жуғыш құралмен жақсылап шайыңыз.

- Кірді әуелі жуып алмастан осы құрылғыға кептіру үшін салуға болмайды.
- Егер кірді жуу үшін өнеркәсіптік химикаттар қолданылған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз.

Ескерту және ескертулер Жарылу/өрт шығу қатері!

- Егер ұстап қалғыш сүзгіде материалдың қалдығы қалып қойса, кептіру барысында ол тұтануы немесе тіпті құрылғыдан өрт шығуына немесе жарылуына себеп болуы мүмкін. Ұстап қалғыш сүзгіні жүйелі түрде тазалап тұрыңыз.
- Белгілі бір заттар кептіру барысында тұтануы немесе тіпті құрылғының жануына немесе жарылуына себеп болуы мүмкін. Жуылатын киімнің қалтасындағы оттықты немесе сіріңкелерді алыңыз.
- Егер құрылғының маңайындағы ауада көмір шаңы немесе ұн болса, бұл жарылуға себеп болуы мүмкін. Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда айналасының таза болуын қамтамасыз етіңіз.

⚠ Ескерту және ескертулер
Өрт/материалдық зиян/
құрылғыны зақымдау қауіпі!
 Құрылғыда R290, қоршаған ортаға зиян келтірмейтін, бірақ өртеңгіш хладагент бар. Ашық алау мен оталу көздерін құрылғыдан алыс ұстаңыз.



⚠ Ескерту және ескертулер
Өрт шығу/мүлікке нұқсан
келу/құрылғыға нұқсан келу
қатері!
 Егер кептіру циклы аяқталмай тұрып бағдарламаны тоқтатса, бұл кірдің жеткілікті дәрежеде сууына кедергі жасап, кірдің тұтануына немесе мүлікке нұқсан келуіне немесе құрылғының бүлінуіне себеп болуы мүмкін.

- Кептіру циклының соңғы жағында барабандағы кірлер жылытылмайды (суыту циклы). Бұл кірге нұқсан келмейтін температурада қалуын қамтамасыз ету мақсатында орындалады.
- Барабаннан барлық кірді дереу шығарып, жайып қоймайынша (ыстығы тарауы үшін) кептіру циклы аяқталарға дейін құрылғыны тоқтан ажыратуға болмайды.

⚠ Ескерту және ескертулер
Улану/мүлікке нұқсан келу
қатері!
 Конденсат суы ішуге жарамайды, оның ішінде қылқыбыр болуы мүмкін. Лас конденсат суы денсаулыққа зиянды болуы және мүлікке нұқсан келтіруі мүмкін. Оны ішуге немесе қайта пайдалануға болмайды.

⚠ Ескерту және ескертулер
Улану қатері!
 Құрамында еріткіштер, мысалы, тазартатын еріткіш бар тазартқыш заттар улы булар шығаруы мүмкін. Құрамында еріткіштер бар тазартқыш заттарды пайдаланбаңыз.

⚠ Ескерту және ескертулер
Жарақатт ану қатері!

- Егер құрылғының есігі ашық тұрғанда құрылғыға сүйенсеңіз/үстіне отырсаңыз, құрылғы аударылып кетіп, жарақатқа әкелуі мүмкін. Құрылғының есігі ашық тұрғанда құрылғыға сүйенбеңіз.
- Егер құрылғының үстіне шықсаңыз, үстіңгі тақтасы сынып кетіп, жарақатқа әкелуі мүмкін. Құрылғының үстіне шықпаңыз.

- Егер барабан айналып тұрғанда оған қолыңыз тиіп кетсе, қолыңызды жарақаттап алуыңыз мүмкін. Барабан әбден тоқтағаныша күте тұрыңыз.

Сақтандыру және сақтандырулар

Материалдық зиян/құрылғыны зақымдау қауіпі

- Егер құрылғыдағы кірлер көлемі оның максималдық жүктелімінен асып кетсе, бұл ол дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін немесе материалдық зиян немесе құрылғы зақымдауына алып келуі мүмкін. Құрғатылатын кірлердің максималдық жүктелімінен асып кетпеңіз. Әр бағдарлама үшін белгіленген максималдық жүктелімнен артып кетпеуді қамтамасыз етіңіз .
- Егер құрылғы мамық ұстағышсыз (мысалы, құрылғының техникалық сипаттамаларына қарай, ұстағыш сүзгі, мамық жинағыш) пайдаланылса немесе мамық ұстағыш толық емес не ақаулы болса, бұл құрылғының бұзылуына әкелуі мүмкін. Құрылғыны ұстағыш сүзгісіз немесе толық емес не ақаулы мамық ұстағышпен бірге пайдалануға болмайды.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда қыл-қыбыр мен жүн-жұрқа сияқты жеңіл заттар ауа кіретін саңылауға сорылып кетуі мүмкін. Оларды құрылғыдан аулақ ұстаңыз.
- Пенопласт пен поролон құрылғыда кептірілсе, пішіні бұзылуы немесе балқып кетуі мүмкін. Құрамында пенопласт немесе поролон бар заттарды құрылғыда кептіруге болмайды.
- Егер салынған жуғыш құралдың немесе тазартқыштың көлемі дұрыс болмаса, мүлікке нұқсан келуі немесе құрылғыға нұқсан келуі мүмкін. Жуғыш құралды/күтіп ұстау өнімдерін/тазартқыш заттарды өндірушісінің нұсқауларына сәйкес пайдаланыңыз.
- Егер құрылғы асқын қызып кетсе, дұрыс жұмыс істемей, мүлікке нұқсан келтіруі немесе құрылғыны бұзуы мүмкін. Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда оның ауа кіретін саңылауының бітеліп қалмауын және оның айналасындағы аймақтың тиісті түрде желдетілуін қамтамасыз етіңіз.

Тазалау/техникалық қызмет көрсету

⚠ Ескерту және ескертулер Қаза болу қатері!

Құрылғы электр тоғымен жұмыс істейді. Егер тоққа қосулы құрамдастарды қолмен ұстасаңыз, тоқ соғу қатері бар. Сондықтан мыналарды ескеріңіз:

- Құрылғыны өшіріңіз. Құрылғыны тоқ көзінен ажыратыңыз (ашаны суырыңыз).
- Қуат ашасын ешқашан дымқыл қолмен ұстамаңыз.
- Қуат ашасын розеткадан суырғанда тек ашаның өзінен ұстаңыз да, ешқашан қуат сымынан ұстап тартпаңыз, әйтпесе қуат сымына нұқсан келуі мүмкін.
- Құрылғыны немесе оның функцияларын техникалық тұрғыдан өзгертуге болмайды.
- Құрылғыны жөндеу жұмыстары мен басқа кез келген басқа жұмыстарды тек біздің тұтынушыларды қолдау қызметі немесе электрші маман ғана орындауға тиіс. Бұл электр кабелін ауыстыруға да (қажет болғанда) қатысты.

- Қосалқы электр кабельдеріне тұтынушыларды қолдау қызметінде тапсырыс беруге болады.

⚠ Ескерту және ескертулер Улану қатері!

Құрамында еріткіштер, мысалы, тазартатын еріткіш бар тазартқыш заттар улы булар шығаруы мүмкін. Құрамында еріткіштер бар тазартқыш заттарды пайдаланбаңыз.

⚠ Ескерту және ескертулер Тоқ соғу/мүлікке нұқсан келу/құрылғыға нұқсан келу қатері!

Егер құрылғыға ылғал кіріп кетсе, бұл қысқа тұйықталуға себеп болуы мүмкін. Құрылғыны тазалау үшін қысыммен жуатын құралды, бу тазалағышты, құбыршекті немесе бүріккішті пайдалануға болмайды.

Ескерту және ескертулер Жарақаттану/мүлікке нұқсан келу/құрылғыға нұқсан келу қатері!

Басқа сауда белгілерінің қосалқы бөлшектері мен керек-жарақтарын пайдалану жарақаттануға, мүлікке нұқсан келуіне немесе құрылғыға нұқсан келуіне әкелуі мүмкін. Қауіпсіздік себептеріне байланысты тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер мен керек-жарақтарды пайдаланыңыз.

Сақтандыру және сақтандырулар Мүлікке нұқсан келу/ құрылғыға нұқсан келу қатері

Тазартқыш заттар және кірді алдын ала өңдейтін заттар (мысалы, дақ кетіргіш, жуудан бұрын себілетін спрейлер т.б.) құрылғының беткі қабатына тисе, бүлдіруі мүмкін. Сондықтан мыналарды ескеріңіз:


- Осындай заттарды құрылғының беткі қабатына тигізуге болмайды.
- Құрылғыны тек сумен және жұмсақ дымқыл шүберекпен тазалаңыз.
- Барлық жуғыш құралдарды, бүріккіштерді немесе басқа қалдықтарды дереу кетіріңіз.



Энергияны үнемдеу кеңестері


- Кірлерді құрғатудан алдын айналдырыңыз. Кірлер неғұрлым құрғақ болса, бағдарлама соғұрлым қысқа болады, осылайша азырақ энергия тұтынады.
- Құрылғыға бағдарламалар үшін рұқсат етілген максималдық жүктемелерді салыңыз.

Ескерту: Егер максималдық жүктемеден артып кетсе, бұл бағдарлама ұзақтығын ұзартып энергия тұтынуын көбейтеді.

- Құрылғыны желдетілетін бөлмеде пайдаланып құрылғыда ауа кірісі ауа алмасуы кедергісіз орындалуы үшін қапталмағанын тексеріңіз.
- Түктерді құрылғыдан жүкелік ретте алып қойыңыз. Егер құрылғыда түктер болса, бұл бағдарлама ұзақтығын ұзартып энергия тұтынуын көбейтеді.
- Егер құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз бағдарламаны іске қосудан алдын немесе бағдарлама аяқталғаннан соң құрылғы Энергияны үнемдеу режиміне өтеді. Дисплей менен индикатор шамдары бірнеше минуттан соң өшіп **Start/**  **Reload** (Бастау/Үзіліс) жыпылықтайды. Энергияны үнемдеу режимін аяқтау үшін құрылғыда есікті ашып жабу сияқты әрекетті орындау керек.
- Егер құрылғы Энергияны үнемдеу режимінде болғанда оны ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз құрылғы автоматты өшеді.

Құрылғыны орнату және қосу

Құрылғы жинағында бар:



- 1 Жинақтағы құжаттар (мысалы, орнату мен пайдалану нұқсаулықтары)
- 2 Бекіткіш бөлшектер
- 3 Төгу шлангын жайында бекітуге арналған U бөлшегі
- 4 Төгу шлангы
- 5 Қосу адаптері

1. Бүкіл орам мен қорғағыш қаптамаларды құрылғыдан алып тастаңыз.
 2. Есікті ашыңыз.
 3. Барабаннан бүкіл керек-жарақтарды алыңыз.
- Енді құрылғыны орнатып қосуға болады.

Сақтандыру және сақтандырулар Өрт/материалдық зиян/құрылғыны зақымдау қауіпі

Құрылғыда өңделуге арналмаған барабанда қалатын нысандар материалдық зиянға және құрылғының зақымдалуына алып келеді. Бұл нысандарды барлық керек-жарақтармен бірге алып қойыңыз.

Құрылғыны орнату

Ескерту және ескертулер Қаза болу қатері!

Балалар құрылғының ішінде қамалып қалып, өміріне қауіпті жағдайға ұшырауы мүмкін.

- Құрылғыны есіктің арт жағына орналастыруға болмайды, себебі ол құрылғының есігін бөгеуі немесе толық ашылуына кедергі келтіруі мүмкін.
- Құрылғының пайдалану мерзімі өткеннен кейін қорек сымын кесіп тастаудан **бұрын** ашаны розеткадан суырыңыз, содан кейін құрылғы есігіндегі құлыпты бұзыңыз.

Ескерту және ескертулер Жарылу/өрт шығу қатері!

Егер құрылғының маңайындағы ауада көмір шаңы немесе ұн болса, бұл жарылуға себеп болуы мүмкін. Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда айналасының таза болуын қамтамасыз етіңіз.

Ескерту және ескертулер Өрт/материалдық зиян/құрылғыны зақымдау қауіпі!

Құрылғыда R290, қоршаған ортаға зиян келтірмейтін, бірақ өртеңгіш хладагент бар.

Ашық алау мен оталу көздерін құрылғыдан алыс ұстаңыз.



⚠ Ескерту және ескертулер
Жарақаттану/мүлікке нұқсан келу/ құрылғыға нұқсан келу қатері!

- Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда дірілдеп немесе қозғалып, нәтижесінде жарақатқа немесе мүліктің бүлінуіне әкелуі мүмкін. Құрылғыны таза, тегіс, қатты беткі қабатқа қойып, деңгейін ватерпастың көмегімен тексеріп, бұрандалы тіреуіштерінің көмегімен дұрыстаңыз.
- Осы құрылғыны кір жуғыш машинаға қате қою (қабаттап қою) жарақаттану, материалдық зиян және/немесе құрылғыға зиянға алып келуі мүмкін. Егер осы құрылғы кір жуғыш машина үстіне қойылса, кір жуғыш машина ені мен ұзындығы кемінде құрылғымен бірдей болуы тиіс және тиісті біріктіру жинағымен жайында бекітілуі тиіс. → 16-ші бет
Құрылғы осы біріктіру жинағымен бекітілуі ТИІС. Құрылғыны басқа жолмен қоюға тыйым салынады.
- Егер құрылғыны көтеру немесе жылжыту үшін шығыңқы бөліктерінен (мысалы, құрылғы есігінен) ұстасаңыз, ол бөлшектері сынып кетіп, жарақаттауы мүмкін. Құрылғыны жылжыту үшін шығыңқы бөліктерінен ұстамаңыз.

⚠ Ескерту және ескертулер
Жарақаттану қатері!

- Құрылғы өте ауыр. Оны көтеру жарақат алуға әкелуі мүмкін. Құрылғыны өзіңіз жалғыз көтермеңіз.
- Құрылғының өткір қырлары бар, оған қолыңызды кесіп алуыңыз мүмкін. Құрылғының өткір қырларынан ұстамаңыз. Оны көтеру үшін қорғағыш биялай киіңіз.

Сақтандыру және сақтандырулар
Мүлікке нұқсан келу/құрылғыға нұқсан келу қатері


Егер құрылғы асқын қызып кетсе, дұрыс жұмыс істемей, мүлікке нұқсан келтіруі немесе құрылғыны бұзуы мүмкін. Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда оның ауа кіретін саңылауының бітеліп қалмауын және оның айналасындағы аймақтың тиісті түрде желдетілуін қамтамасыз етіңіз.

Сақтандыру және сақтандырулар
Материалдық және аспапқа зияндар

Құрылғы зауыттан шығысынан алдын функциялық сынақтан өтіп қалған суды қамтуы мүмкін. Осы қалған су ағып шығуы мүмкін, егер құрылғы 40° көбіне еңкейсе.

Құрылғыны төмендегідей орнатыңыз:

1. Құрылғыны таза, тең және қатты бетке орналастырыңыз.
2. Уровеньді пайдаланып құрылғы тең тұруын тексеріңіз.



3. Керек болса, құрылғы аяқтарын бұрып оны теңестіріңіз. Енді құрылғыны қосуға болады.

Нұсқаулар


- Барлық аяқтың барлығы жерде бекем тұруы керек.
- Егер құрылғылар дұрыс орнатылмаған болса, бұл нәтижеде шулар, дірілдеулер, барабанның тербелуіне және/немесе құрылғыдан қалған су ағып шығуына алып келеді.

Құрылғыны байланыстыру

⚠ Ескерту және ескертулер

Тоқ соғу/өрт/материалдық зиян/ құрылғы зақымдау қауіпі!

Егер құрылғы дұрыс орнатылмаса, бұл қауіпті болуы мүмкін. Төмендегілерді қамтамасыз етіңіз:

- Тоқ розеткасындағы кернеу құрылғыдағы (зауыттық тақтайша) кернеуге тең болуы керек. Қосылған қуат пен керекті балқитын сақтандырғыш зауыттық тақтайшада жазылған.
- Құрылғы таймер сияқты сыртқы өшіру құрылғы арқылы тоқпен жабдықталуы мүмкін емес немесе жүйелік ретте қосылып өшірілетін шынжырға қосылуы мүмкін емес.
- Қуат ашасы мен қорғағыш түйіспе бір біріне сәйкес және жерге тұйықтау жүйесі дұрыс орнатылған болуға тиіс.
- Орнатылатын құрылғының лайықты айқас қимасы болуы керек.
- Қуат ашасына кез келген уақытта еркін қол жеткізіле алатын болуға тиіс. Егер бұл мүмкін болмаса, тиісті қауіпсіздік ережелеріне сай болу үшін өшіргішті (барлық полюстік ажырату) тұрақты орнатуға электр орнату ережелеріне сай ретте орнату керек.
- Егер қалдық тоғы бар тұйықтау тізбегі пайдаланылса, тек мынадай таңбасы барын ғана пайдаланыңыз: . Осы белгі барлығы барлық тиісті заңдардың ескерілуін қамтамасыз етудің жалғыз жолы.

⚠ Ескерту және ескертулер

Тоқ соғу/өрт шығу/материалдық бүліну/құрылғының бұзылу қатері!

Егер құрылғының қуат сымы өзгертілсе немесе бүлінген болса, бұл тоқ соғуына, қызып кету салдарынан қысқа тұйықталуға немесе өрт шығуына әкелуі мүмкін.

Қуат сымы шиыршықталмауы, жаншылмауы немесе өзгертілмеуі керек және қандай да бір қызу көздеріне тиемеуге тиіс.

⚠ Ескерту және ескертулер **Өрт шығу/мүлікке нұқсан келу/ құрылғыға нұқсан келу қатері!**


Ұзартқыш сымдарды немесе ұзартқыш кабельдерді пайдалану асқын қызып кету немесе қысқа тұйықталу салдарынан өртке әкелуі мүмкін. Құрылғыны дұрыс орнатылған жерге тұйықталған розеткаға тікелей жалғаңыз. Ұзартқыш сымдарды, ұзартқыш кабельдерді немесе көп арналы жалғастырғыштарды пайдалануға болмайды.

⚠ Ескерту және ескертулер **Жарақатт ану қатері!**

Егер құбыршектер мен қуат сымдары дұрыс өткізілмесе, олар сүрініп қалу қагерін тудырып, жарақаттануға әкелуі мүмкін. Құбыршектер мен қуат сымдарын сүрініп кету қагерін тудырмайтындай етіп өткізіңіз.

Құрылғыны төмендегідей қосыңыз:

1. Ағызу шлангын қосыңыз. → 32-ші бет



2. Құрылғының тоқ ашасын салып тиісті розеткасына салыңыз.
3. Тоқ ашасы бекем тұруын тексеріңіз. Құрылғыны енді қосуға болады.

Сақтандыру және сақтандырулар **Өрт/материалдық зиян/құрылғыны зақымдау қауіпі**

Құрылғыда хладагент бар болып ол тасымалдаудан соң дереу істетілсе құрылғыны зақымдауы мүмкін. Құрылғыны алғашқы рет пайдаланудан алдын екі сағат күтіңіз.

Ескерту: Күдігіңіз болса, жабдықты маманға қосқызыңыз.

Құрылғыңызды алғашқы рет пайдаланудан алдын

Құрылғыны тоққа қосудан бұрын:

Құрылғының көзге көрінетін бүлінген жерлері жоқ екенін тексеріңіз. Құрылғының бүлінген жері болса, оны пайдалануға болмайды. Егер қандай да бір ақаулық болса, маманданған сатушыға немесе тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Ескерту: Құрылғы дұрыс орнатылып қосылғаннан соң оны пайдалануға болады. Басқа ештеңе орындау керекі жоқ.

Опциялық керек-жарақтар

Опциялық керек-жарақтарға тапсырма беріңіз* сатудан кейінгі қызметтен:

- **Жүннен жасалған киімдерге арналған көрзеңке:**
Жеке жүн киімдерді, спорт аяқ киімдерін және жұмсақ ойыншықтарды жүн мата себетінде кептіріңіз немесе желдетіңіз.
— Тапсырыс нөмірі: **WMZ20600.**
- **Платформа:**
Қолайлы жүктеу мен босату үшін құрғатқышты платформа менен көтеріңіз.
Кірлерді платформа тартпасына орнатылған кірлер себетімен тасымаладуға болады.
— Тапсырыс нөмірі: **WTZPW20D.**
- **Жұғыш-құрғатқыш жинағын қосу жиіні:**
Жарайтын жуу машинасының үстінде орынды үнемдеу үшін ені мен тереңдігі бірдей құрғатқышты орнатуға болады.
Тек осы қосылым жинағын құрғатқышты кір жуу машинасына бекіту үшін пайдалану керек.
— Шығатын жұмыс тақтасымен тапсырыс нөмірі: **WTZ27400**
— Шығатын жұмыс тақтасысыз тапсырыс нөмірі: **WTZ27410.**
- **Конденсатты төгу комплекті:**
Конденсат суын пайдаланған суды төгу жүйесіне төгу шлангы арқылы төгуге болады. Егер конденсат суын пайдаланған суды төгу жүйесіне төгуді таңдасаңыз, конденсат ыдысын құрғату кезінде немесе әр құрғатқышты әр пайдаланудан соң босату керек болады.
— Тапсырыс нөмірі: —

* Құрылғы мүмкіндіктеріне байланысты




Жылдам табу нұсқаулығы

Ескерту: Құрылғыны дұрыс орнатып қосу керек. → 13-ші бет


1	<p>Бағдарламан ы іске қосудан алдын:</p>			
		Кірді сұрыптау.	Құрылғыны қосыңыз.	Бағдарламаны таңдаңыз.
2				
		Есікті жабыңыз.	Керек болса, бағдарлама параметрлерін реттеңіз.	Бағдарламаны бастау.
3	<p>Бағдарлама аяқталғаннан соң:</p>			
		Құрылғыны өшіріңіз.	Есікті ашып кірлерді алып тастаңыз.	Конденсат ыдысын босатыңыз.

Құрылғымен танысу

Құрылғыны шолу



- 1** Конденсат ыдысы → 30-ші бет
- 2** Басқару панелі
- 3** Барабанның ішкі жарығы (құрылғының жабдықталуына қарай)
- 4** Ауа кіретін тесік
- 5** Төменгі бөліктің күтім жасауға арналған қақпағы → 36-ші бет
- 6** Есік
- 7** Ауа арнасының қаптамасы (шешуге болмайды)

Панель

1

Бағдарламалар

2

Бағдарлама таңдау тетігі

■ Бұру: бағдарламаны орнату

■ Басу: құрылғыны қосу/өшіру

3


Дисплей






Параметрлер мен ақпарат индикаторлары







4

Түймешіктер







Құрылғының бағдарламалық параметрлеріне және қосымша функцияларына/параметрлеріне арналған

 **Дисплей**


Көсеткіш	Сипаттама	Мәліметтер
	Бағдарлама күйі:	жанады: күй көрсеткіші
	Кептіру	
	Үтіктеу үшін	
	Толық кептірілген	
	Иеленуден сақтау	
	Үзіліс	
<i>End</i>	Бағдарлама соңы	
	Кептіру нәтижесі	Кептіру нәтижесі  Шкафқа: өте құрғақ қосылған
		Кептіру нәтижесі  Шкафқа: құрғақ қосылған
		Кептіру нәтижесі  Үтіктеу үшін кептіру қосылған
  	Кептіру деңгейі	Кептіру нәтижесіне арналған кептіру дәрежесі іске қосұлы
мысалы, 1:27	Бағдарлама ұзақтығы	Жоспарланған бағдарлама ұзақтығы сағат және минутпен.
3 ч	Бағдарлама соңы	«Бітуге дейінгі уақыт» опциясын таңдағанда, бағдарламаның орындалу уақытының сағаты артады.
	«Уақыт бойынша кептіру» бағдарламасы	«Уақыт бойынша кептіру» бағдарламасы іске қосылды

	<p>Конденсат ыдысын босатыңыз → 30-ші бет</p>	<ul style="list-style-type: none"> ■ Конденсатқа арналған ыдысты босатыңыз да, орнына салыңыз. → 30-ші бет Содан кейін Start/  Reload (Бастай/ Үзіліс) түймесін басыңыз. ■ Торшаны конденсат ыдысында тазалаңыз ■ Егер қосымша түрде төгу құбыршегі орнатылған болса*, төгу құбыршегінің: <ul style="list-style-type: none"> – дұрыс жалғанғанына → 32-ші бет – бүктеліп қалмастан өткізілгеніне. – мысалы, шөгінділермен бітелмегеніне және ластанбағанына көз жеткізіңіз. ■ Құрылғыны қарқынды тазалау бағдарламасын орындаңыз. ■ Жерге тұйықтау блогына бөгде заттардың түсіп кетпегенін тексеріңіз. Техникалық қызмет көрсетуге арналған қақпақты ашыңыз да, бөгде заттарды алып шығыңыз.
	<p>Жерге тұйықтау блогы</p>	<p>Жерге тұйықтау блогын тазалау → 36-ші бет</p>
	<p>Жылу алмастырғышын автоматты түрде шаю</p>	<p>Жылу алмастырғышы автоматты түрде тазаланып жатыр. Көрсетіліп тұрған процесс орындалып жатқанда конденсат резервуарын шығармаңыз және бағдарламаны тоқтатпаңыз.</p>
	<p>Құрылғыны оңай тазалау бағдарламасы</p>	<p>Ақау жоқ. Біраз уақыт пайдаланылғаннан кейін құрылғы оңай тазалау бағдарламасын орындауды автоматты түрде ұсынады. Құрылғыны оңай тазалау бағдарламасын орындаңыз. → 43-ші бет</p>
	<p>CoolDown</p>	<p>Құрғатуда жоғары температуралар пайда болуы мүмкін. Кірлерді суыту үшін CoolDown әдісі барабандағы температураны түсіреді. Егер есік ашылса, CoolDown әдісі төмендегі жағдайларда автоматты 30 секундтан соң іске қосылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ■ бағдарламаны үзу ■ бағдарламаны тоқтату <p>Құрылғыны CoolDown әдісінде да басқаруға болады.</p> <p>Нұсқаулар</p> <ul style="list-style-type: none"> ■ Барабан CoolDown әдісінде құрылғы тоқтаған күйде де айналады. ■ CoolDown әдісі кезінде бағдарламаны өзгертпеңіз. ■ Температураны реттеу 10 минутке дейін созылуы мүмкін.


Бағдарламалар тізімі

Бағдарлама	Максималдық жүктеме
Programme name (Бағдарлама аты) Бағдарламаның қысқаша түсініктемесі және қайсы бұйымдар үшін сай екені.	Максималдық жүктеме киімдерді құрғақ салмағына негізделген
Cottons (Мақта)  Мақта немесе зығырдан жасалған төзімді киімдер мен ыстыққа төзімді маталар.	9 кг
Easy-Care (Жәй мата)  Синтетикалық немесе аралас маталардан жасалған киімдер.	3,5 кг
Mix (Тез/Аралас)  Мақта және синтетика маталарды қамтитын киімдерді аралас жүктемелер.	3 кг
Delicates (Әйелдердің ішкі киімдері)  Нәзік, жуылатын киімдер, мысалы, сәтен немесе синтетика немесе аралас маталар.	2 кг
Wool Finish (Иірілген жүн)  Машинамен жуылатын жүннен немесе жүнді қамтитын заттар.	0,5 кг
Нұсқаулар <ul style="list-style-type: none"> ■ Кірлер үлпілдек бірақ құрғақ емес болады. ■ Бағдарлама аяқталғаннан кейін киімдерді шығарып, құрғатыңыз. 	
Time Program Cold (Уақыт бойынша: суық)  Жүннен және жібектен жасалғандардан басқа барлық киім түрлері үшін уақытты бағдарламалар. Сәл кірлеген заттарды жұмсарту немесе желдету үшін. Жеке кірлерді кептіру үшін. Ескерту: Бағдарлама ұзақтығын реттеуге болады.	3 кг

Time Program Warm (Уақыт жылы) 🕒

Жібектен жасалғандардан басқа барлық киім түрлері үшін уақытты бағдарламалар.

Алдын ала құрғатылған немесе аз ылғалды кірлер үшін жарамды және бірнеше қабаттық қалын кірлерді құрғату үшін.

Нұсқаулар

- Жүнді, спорт аяқ киімдерін және жұмсақ ойыншықтарды тек жүн мата себетінде құрғатыңыз.
- Уақыттық бағдарламада кірлердің қалған ылғалдығы автоматты айқындалмайды. Егер кірлер құрғату бағдарламасынан соң әлі де тым ылғалды болса, бағдарламаны қайталаңыз, және, керек болса, бағдарлама ұзақтығын ұзартыңыз.

3 кг

Макс. жүктеме себетте жүн мата/жұмсақ ойыншықтар үшін: 1 себет жүктеме

Макс. жүктеме себетте аяқ киімдер үшін: 1 жұп

Shirts/Blouses (Жейделер/Нымшалар) 🧺

Мақта, зығыр немесе синтетика талшық немесе аралас маталардан жасалған көйлектер/блузалар.

Ескерту: Кірлер құрығаннан соң, оларды үтіктеп асып қойыңыз. Бұл қалған ылғалдық тең таралуына мүмкіндік береді.

1,5 кг**Duvet (Мамық көрпелер)** 🛏

Синтетика талшықтар салынған киімдер, жастықтар немесе жапқыштар.

Ескерту: Үлкен заттарды бөлек құрғатыңыз. Күту этикеткасындағы нұсқауларды орындаңыз.

2,5 кг**Down (Түбітті киім)** 🧺

Мамықтан жасалған текстиль бұйымдары, көрпелер немесе мамық көрпелер.

Нұсқаулар

- Үлкен бөліктерді бөлек кептіріңіз.
- Бұйымдарды бағдарлама аяқталғаннан соң жайыңыз, осылай салынбасы таратылып ылғалдылық жойылады. Керек болса, бағдарламаны қайта іске қосыңыз.

1,5 кг**Sportswear (Спорттық)** 🧺

Мембраналық қаптамасы бар және су өткізбейтін маталардан жасалған су өткізбейтін және сырт киімдер.

1,5 кг**Towels (Шашықтар)** 🧺

Мақта матадан жасалған қатты төзімді киімдер мен үйде киетін халат.

6 кг**Super Quick 40' (Супер 40')** 🧺

Аралас кірге синтетикадан және мақтадан жасалған маталар кіреді.





1 кг**AllergyPlus (Сезімтал)** 🧺


Берік маталар.

4 кг

Ескерту: Бағдарлама жоғары температураларға жетеді. Аса жоғары гигиеналық талаптар болғанда жарамды болады.

P+ Баптаулар

Бағдарлама параметрі	Функция
Ескерту:	Кейбір параметрлер барлық бағдарламалар үшін бірдей қосыла бермейді. Іске қосылған баптаулар пернелерде көрсетіліп тұрады немесе дисплейде жанып тұрады. Іске қосылған баптауларды өзгерту үшін немесе өшіру үшін, тиісті пернелерді қайта басу керек.
 Drying Aim * (Кептіру у нысанасы):	Кептіру нәтижесі бағдарлама аяқталған соң кірдің қандай деңгейде ылғал немесе құрғақ болуы анықтайды. Кептіру нәтижесі таңдалған соң, берілген баптау құрылғыны өшіргеннен кейін де тиісті бағдарлама үшін сақтаулы күйде қалады. Ерекшелік: мақта үшін баптаулар сақталмайды.
 Шкафқа: өте құрғақ	Көп қабаттық қалын кірлер қиын кебеді.
 Шкафқа: құрғақ	Қалыпты бір қабаттық кірлер.
 (Үтіктеу үшін кептіру)	Қалыпты бір қабаттық кірлер, кептіруден кейін дымқыл болып үтіктеуге немесе асуға жарайды.
Drying Level * (Кептіру деңгейі)	Егер құрғатудан соң кірлер әлі де дымқыл болуын сезсеңіз, құрғату мақсатына құрғату дәрежесін сәйкестендіріп басқыштар арқылы ☀☀☀☀ дейін көтеруге болады. Бұл бағдарлама уақытын температураны сақтаған жағдайда ұзартады. Егер кептіру дәрежесін кептіру мақсатына сәйкестендірген болсаңыз, параметр кептіргіш өшкеннен соң да сақталады.
— Finished in + ☺ (Дайындық уақыты)	бағдарламасын қоспас бұрын, бағдарламаның аяқталу уақытын — және + көмегімен максимум 24 сағатқа дейін шегере аласыз. Дисплейде орнатылған сағат көлемі, мәселен «8h» деп көрсетіледі де, бағдарлама қосылғанға дейін кері санақ жүріп тұрады. Бағдарлама басталған соң бағдарлама ұзақтығы көрсетіледі. Ескерту: Қоршаған орта температурасы төмен болғандағы жұмыс істеу нұсқауларын орындаңыз → 52-ші бет.
— Finished in + ☺	☺ Уақыт бойынша кептіру бағдарламасына арналған кептіру ұзақтығын — және + көмегімен арасына 10 минуттан салып ұзартуға болады.
— / +	— және + пернелерін таңдау арқылы орнатылатын мәндерді өзгертуге болады.
Less Ironing ☺ 60' (Иеленуден сақтау 60')	Маталардың қыртыстанып қалуын болдырмас үшін, кірді кептіріп болған соң олар барабан ішінде үздіксіз қозғалыста болады. Қыртыстанып қалудан автоматты түрде қорғау функциясын 60 минутқа (Less Ironing ☺ 60' (Иеленуден сақтау 60') көмегімен) немесе 120 минутқа (Less Ironing ☺ 120' (Иеленуден сақтау 120') көмегімен) қосып не өшіріп қоя аласыз.
Less Ironing ☺ 120' (Иеленуден сақтау 120')	

Gentle 
(Үнем)

Төмендеген температура сезімтал текстиль бұйымдары үшін, мысалы, полиакрил немесе эластан, кептіру уақытын ұзартуы мүмкін.

Start/
 **Reload**
(Бастау/
Үзіліс)

Бағдарламаның орындалуы барысында іске қосу, болдырмау және тоқтату.



Кірлер

Кірлерді дайындау

Ескерту және ескертулер

Жарылу/өрт шығу қатері!

Белгілі бір заттар келтіру барысында тұтануы немесе тіпті құрылғының жануына немесе жарылуына себеп болуы мүмкін.

Жуылатын киімнің қалтасындағы оттықты немесе сіріңкелерді алыңыз.

Сақтандыру және сақтандырулар

Барабанға немесе кірлерге материалдық зиян қауіпі

Киімдердің қалтасында заттарды қалдыру құрылғы істеп тұрғанда барабанға және кірлерге зақым келтіруі мүмкін. Киім қалталарынан барлық заттарды (мысалы, метал заттарды) алыңыз.

Кірлерді төмендегідей дайындаңыз:

- Киім белдіктерін тағыңыз, киім жіптерін байлаңыз немесе кір сөмкесін пайдаланыңыз.
- Сілдірме ілгегін салыңыз, ілмектерін, тесіктерін және түймелерін қадаңыз. Үлкен бұйымдарды, мысалы жапсырмаларды түймелеңіз.
- Әрқашан шағын киімдерді, мысалы, сәби нәскилерді үлкен кір заттармен, мысалы, сүлгілер, бірге құрғатыңыз.
- Бөлек киімдер үшін уақыттық бағдарламалар.
- Тоқылған киімдер, мысалы, футболкалар мен свитерлер, бірінші рет құрғатқанда көбінесе аздап отырады. Жұмсақ бағдарламаны пайдаланыңыз.

- Жеңіл күту киімін шамадан тыс құрғатпаңыз. Бұл кірлердің қатты иеленуіне алып келеді.
- Кейбір жуғыш заттар мен күту өнімдері, мысалы, крахмал немесе жұмсартқыш, ылғалдық сенсорында жиналатын ұсақ бөлшектерді қамтуы мүмкін. Бұл сенсор жұмысына және құрғату нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Нұсқаулар

- Кейін кір жуу машинасында құрғатылатын кірді жуғанда, жуғыш зат пен күту өнімдерінің өндірушісі нұсқауларында көрсетілген киім жұмсартқышының дұрыс мөлшерін пайдаланыңыз.
- Ылғал сенсорын жүйелік ретте тазалаңыз → 39-ші бет.

Кірлерді сұрыптау

Ескерту: Кірлерді құрылғы ішіне бір бірінен соң салыңыз. Тиімді құрғату үшін құрғатқыш ішіне барлық кірлерді бірдеу салмаңыз.

Сақтандыру және сақтандырулар **Құрғатқышқа немесе кірлерге материалдық зиян қауіпі**

Барабанда жууға арналмаған кірлер құрылғыны және құрғату кезінде кірлерді зақымдауы мүмкін. Оны құрғатудан алдын кірлерді күту этикеткасында жазылған мәлімет бойынша сұрыптаңыз:

- Кір жуу машинасында құрғатуға болады
- Қалыпты температурада құрғату
- Төмен температурада құрғату
- Кір жуу машинасында құрғатуға болмайды

Құрғатылатын кірлерді сұрыптауда төмендегілерді ескеріңіз:

- Тең құрғату нәтижелеріне жету үшін бір түрдегі мата және құрылымдық кірлерді бірге құрғату керек. Егер жұқа, қалын және көп қабаттық маталарды бірге құрғатсаңыз, олар түрлі дәрежеде құрғайды.
